Қызылорда қаласы, Ақжарма ауылдық округі Баймұрат батыр ауылындағы жаңадан қалыптасқан көшелерге тас жол салу жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтері бойынша

Түсіндірме жазба

Қызылорда қаласы әкімдігінің "Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" заңының 16-бабы 3-тармағы 25 тармақшасына сәйкес, Ақжарма ауылдық округі, Баймұрат батыр ауылындағы жаңадан қалыптасқан көшелерге тас жол салу жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтері (құны 5 304 285,71 тиын ҚҚС-сыз) мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылғалы отыр.

Қазақстан Республикасының "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 1-бабы 13-3) тармағында - жол активтерінің сапасы ұлттық орталығы жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу, жол активтерін басқару, халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жұмылдыру дайындығын ұйымдастыру жөніндегі функциялар, сондай-ақ автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізу, жөніндегі функциялар жүктелген, автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қарамағындағы заңды тұлға делінген.

Осы ретте, Ақжарма ауылдық округі, Баймұрат батыр ауылындағы жаңадан қалыптасқан көшелерге тас жол салу жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтеріне өнім беруші болып "Жол активтері сапасының ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны айқындалған.

Ақжарма ауылдық округі әкімі **С.Әбдіреев**